

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 1469 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 29, 225-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

«1. Салалық даму бағдармалары» деген бөлімде:
реттік нөмірі 16-жолдың 5-бағанындағы «2010 жылғы 1 қазан» деген сөздер «2011 жылғы 1 желтоқсан» деген сөздермен ауыстырылсын;

«3. Институционалдық қайта құру» деген бөлімде:

«3.2. Ұйымдастырушылық өзгерістер» деген кіші бөлімде:
57-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

57	«Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» АҚ-ға кредиттік агенттіктің функцияларын беру	«Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» АҚ-ның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	И Ж Т М , Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	« 2010 жылғы желтоқсан	1 500
----	---	---	---	---------------------------	-------

».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов